

# Бурабай

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шыға бастады

аудандық қоғамдық-саяси газет



## Бурабай ауданы әкімінің Қазақстан халқының бірлігі күнімен құттықтауы

*Құрметті бурабайлықтар!*

Сіздерді Қазақстан халқының бірлігі күнімен құттықтаймын!

Бұл мереке көпұлтты Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізінде жатқан маңызды құндылықтарды - бірлік, бейбітшілік пен келісімді бейнелейтін еліміздің өмірінде ерекше орын алады. Достық, өзара құрмет, толеранттылық және тату көрші әрқашан біздің қоғамның әл-ауқатының берік негізі болды және болып қала береді.

Бүгінгі таңда біздің алдымызда адал еңбек ету, сенімді алға жылжу және бірлік пен келісімді нығайтуға өз үлесін қосу сияқты ортақ міндет тұр. Күш-жігерді біріктіре отырып, біз туған өлкеміздің одан әрі дамуын қамтамасыз ете алатынымызға, жоспарларымызды іске асыра алатынымызға және алға қойылған мақсаттарға қол жеткізе алатынымызға сенімдімін.

Сізге шын жүректен зор денсаулық, бақыт, амандық, бейбітшілік пен жақсылық тілеймін!

Әр үйде жылу, жайлылық және өзара түсіністік орнасын!

**Арай САДЫКОВ**  
Бурабай ауданының әкімі

## 1-мамыр Қазақстан Республикасының Халықтарының бірлігі күні

Жыл сайын 1 мамыр күні елімізде Қазақстан халқының бірлігі күні кеңінен атап өтеледі. Бұл - көпұлтты Қазақстан халқының татулығы мен келісімін дәріптейтін ерекше мереке. Тарихы терең, мағынасы зор бұл күн - еліміздің басты құндылықтарының бірі саналатын бірлік пен ынтымақтың символы.

Қазақстан - жүзден астам ұлт пен ұлыс өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатқан мемлекет. Әрбір этностың өз мәдениеті, дәстүрі, тілі болғанымен, барлығын біріктіретін ортақ Отан - Қазақстан. Осындай сан алуан мәдениеттің бір шаңырақ астында жарасым табуы - елдің тұрақтылығы мен дамуының негізі.

Бірлік күні - тек мерекелік шаралармен шектелмейтін, терең ой салатын күн. Бұл күні түрлі мәдени іс-шаралар, концерттер, көрмелер ұйымдастырылып, әр ұлттың салт-дәстүрі мен өнері насихатталады. Алайда бастысы - адамдар арасындағы сыйластық пен өзара түсіністікті нығайту.

Еліміздің бейбіт өмірі мен тұрақтылығы

- бірліктің жемісі. Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктері де халықтың ауызбіршілігімен тығыз байланысты. Сондықтан әрбір азамат қоғамдағы келісім мен татулықты сақтауға өз үлесін қосуы тиіс.

Бірлік - тек ұран емес, ол - күнделікті өмірде көрініс табатын қасиет. Көршілерге құрмет көрсету, әртүрлі мәдениетке сыйластықпен қарау, ортақ құндылықтарды қадірлеу - осының бәрі ел бірлігін нығайтады.

Қорытындылай келе, Бірлік - кез келген мемлекеттің басты байлығы. Халқымыз «Бірлік бар жерде - тірлік бар» деп бекер айтпаған. Сондықтан да бұл мереке әрбір қазақстандық үшін аса қымбат. Бұл мереке бізге бір-бірімізді құрметтеуді, ортақ Отанымызды қорғауды еске салады. Тату Қазақстан - әрқайсымыздың міндетіміз!

**Ж.КАМЕНОВА,**  
Бурабай аудандық мемлекеттік қазынашылық басқарма басшысының орынбасары

## Ақмола облысында Ұлттық кітап күні атап өтілді

Мағжан Жұмабаев атындағы Ақмола облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында хана мамандарының біліктілігін арттыруға арналған маңызды алаңға айналмақ. Іс-



өңірдің үздік кітапханашыларын ұлықтау салтанаты өтті. Іс-шарада Ақмола облысы әкімінің атынан құттықтау сөзді әкімнің орынбасары **Досұлан Айтбаев** сөйледі.

Өз сөзінде Д. Айтбаев 16 сәуірде бастау алған Ұлттық кітап күніне арналған онкүндікті жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін облыс кітапханашыларына алғыс білдірді. Аталған онкүндік аясында облыстың қала-аудандарында кітап фестивальдері, кітап оқу марафондары, жазушылармен автограф-сессиялар, кітап клубтарының ашылуы және басқа да көптеген іс-шаралар ұйымдастырылды.

Облыс әкімінің орынбасары сондай-ақ биыл облыстық әмбебап ғылыми кітапхананың 80 жылдық мерейтойы аясында облыс орталығында алғаш рет Республикалық кітапханашылар форумы өтетінін атап өтті.

«Қазақстандық кітапханалық одақпен» бірлесіп жоспарланған бұл форум кәсіби тәжірибе алмасуға, өңіраралық ынтымақтастықты дамытуға және кітап-

шара кітапхананың 80 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылатын бірқатар шаралармен қатар өткізіліп, кәсіби диалогты дамытуға, инновациялық тәжірибелермен алмасуға және қоғамда кітап оқуды насихаттауға серпін береді.

Республикалық деңгейдегі бұл ауқымды форумға мемлекеттік органдардың басшылары, салалық ұйымдардың өкілдері, жетекші кітапхана мамандары, мәдениет, білім беру және цифрлық технологиялар саласының сарапшылары еліміздің барлық өңірлерінен қатысады деп жоспарлануда.

Форумның Ақмола облысында өткізілуі өңірдің кітапхана ісі саласындағы кәсіби диалог, инновацияларды енгізу және стратегиялық шешімдер қабылдау орталығы ретіндегі мәртебесін нығайта түседі.

Сонымен қатар, алдағы бір ай ішінде Ақмола облысы бойынша жаппай кітап клубтарын ашу жоспарланып отыр. Бұл бастама аясында 200 мыңнан астам оқырманды қамту көзделген.

## Адамдар жыл сайын 1 млрд тоннадан астам азық-түлікті қоқысқа тастайды

Әлем халқы жыл сайын 1 миллиард тоннадан астам азық-түлікті қоқысқа тастайды, ол жаһандық парниктік газдар шығарындыларының 10 пайызын құрайды. Бұл туралы Біріккен Ұлттар Ұйымы хабарлады, деп хабарлайды Egemen.kz. Есепке сәйкес, Бразилияның Белем қаласында өткен БҰҰ климаттық конференциясында адамдар мен планетаны климаттық дағдарыстың салдарынан қорғауға, экологиялық әділдікті нығайтуға және тұрақты болашақты қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар маңызды бастамалар ұсынылды.

Атап айтқанда, Біріккен Ұлттар Ұйымының қоршаған ортаны қорғау бағдарламасы (UNEP) және серіктестері «Азық-түлік шығынындағы серпіліс» (Food Waste Breakthrough) бастамасын бастады. Оның мақсаты – жаһандық азық-түлік қалдықтарын екі есе, метан шығарындыларын 7 пайызға азайту және 2030 жылға қарай жаһандық аштықты тоқтату.

– Әлем жыл сайын бай және кедей елдерде үлкен көлемде азық-түлік ысырап етеді. Азық-түлік қалдықтарын азайту аштықпен күресу мен метан шығарындыларын азайтудың кілті болып табылады, – деді UNEP басшысы Ингер Андерсен.

Жаһандық қоршаған ортаны қорғау қоры қаржыландыратын жана бағдарлама елдер мен қалаларға тамақ қалдықтары мен метан шығарындыларын азайту бойынша ұлттық стратегияларды әзірлеуге, дамушы елдерде дәлелденген шешімдерді бейімдеуге және кеңейтуге, сондай-ақ осы саладағы халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға қолдау көрсетеді.

E. ЕРШАТ

## Хабарлама

«Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі» ММ «Щучинск қаласындағы шаңғы спорты республикалық базасы» ІІІ кезегі (сыртқы инженерлік желілерсіз) жұмыс жобасына» «Ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша ашық жиналыстар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау 2026 жылы 5 маусым сағат 14:30-де, Мекенжайы: Щучинск қаласы, ОАА ш/а, 5а учаскесі, конференц залында өтеді.

Қоғамдық тыңдауға қатысушылардың шешімі бойынша ашық жиналыс өткізу мерзімі қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

Әсер ету аумағы: Ақмола облысы. Әсер ету аумағының координаттары:

- 1) 52.94326 с.е. 70.23845 ш.б.
- 2) 52.94569 с.е. 70.24223 ш.б.
- 3) 52.9441 с.е. 70.2457 ш.б.
- 4) 52.94152 с.е. 70.24241 ш.б.

Төтенше жағдай және (немесе) карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы шектеу шаралары енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://us04web.zoom.us/j/9063978907?pwd=a1RVRlIUUZERTVBY0NJTFTUG4yQT09&omn=71867801755>.

Конференция идентификаторы: 906 397 8907. Қатынас коды: 11111.

Бастамашы: «Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі» ММ. БСН 150540018634. Мекенжайы: Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8 үй, «Министрліктер үйі» ғимараты, № 15 кіреберіс. тел 8 (7172) 74 04 29.

Құжаттаманы әзірлеуші – «EcoDelo» ЖК. Мекенжайы: 010000, Астана қ., Б.Майлин көшесі, 19, 502 кабинет. Байланыс деректері: тел: +77712764966, эл мекенжайы: m.abilgazina@ecodelo.kz.

Қосымша ақпарат алу үшін мекенжай мен байланыс нөмірі: Астана қ., Алматы ауданы, Майлина көш., 19, 502 каб. Тел +7 777 100 1345

Жобаға қатысты құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> порталында және жергілікті атқарушы органның <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/contacts?lang=kk> сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Жергілікті атқарушы орган – «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, пошталық мекенжайы: ҚР, 020000, Көкшетау қ., Абай к-сі, 89 үй, сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/contacts?lang=kk>, электрондық мекенжайы: [upr.expertiza@mail.ru](mailto:upr.expertiza@mail.ru), тел: +7 (7162) 25-19-86.

Ескертулер мен ұсыныстар төмендегі жергілікті атқарушы органның электронды мекенжайлар бойынша қабылданады: [upr.expertiza@mail.ru](mailto:upr.expertiza@mail.ru) және <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында.

## Хабарлама

«RG Gold» ЖШС Ақмола облысындағы Шарық және Новоднепровское кен орындарында құрамында алтын бар кендерді өндіру үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алу материалдары (рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары) бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 08 маусым сағат 10:00-де Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Успенюорьев а. о., Успеню-Юрьевка а., Мир көшесі, 4, Ақмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімінің Успенюорьевка ауылының жалпы білім беретін мектебі мекенжайы бойынша өтеді;

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Бейнеконференция арқылы онлайн қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін ZOOM платформасына сілтеме бойынша өту қажет:

<https://us06web.zoom.us/j/82129201556?pwd=9vazb0MMalO26e09r1RYKVwhRP8ZLn.1>

Конференция идентификаторы: 821 2920 1556. Күпия сөз: 206237.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «RG Gold» ЖШС, БСН 130740005369, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучье қаласы, Мұхтар Әуезов көшесі, № 80 үй, тел: 8 (71636) 2-13-19.

Әсер ету аумағы:

- Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Успенюорьев а.о., Успеню-Юрьевка ауылы.

Кен орнының географиялық координаттары - 52°63'сев.ш. и 69°83'вост.д.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «ECO AIR» ЖШС, БСН 050940002909, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Беспалов көшесі, 51а, тел: 8 777 411 37 28.

Жергілікті атқарушы орган: «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

Жоба бойынша құжаттама қоршаған ортаның жай-күйі және ресурстарды сақтау туралы Ұлттық деректер банкінде - «Жария тыңдаулар» бөлімінде <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында орналастырылған.

Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алу, қоғамдық тыңдаулар өткізу, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрау үшін байланыс деректері: эл почта: [info@ecoair.kz](mailto:info@ecoair.kz), тел: 8 777 411 37 28.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Ескертулер мен ұсыныстар электрондық почта бойынша қабылданады: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru,upr.expertiza@mail.ru>.

## Объявление

ГУ «Министерство туризма и спорта Республики Казахстан», объявляет о проведении общественных слушаний посредством открытых собраний по проекту: «Отчет о возможных воздействиях» к рабочему проекту: «Республиканская база лыжного спорта в г. Щучинск» III очередь (без наружных инженерных сетей)).

Общественные слушания состоятся 5 июня 2026 года в 14:30 по адресу: город Щучинск, мкр ЦРБ, участок 5а, конференц зал.

Срок проведения открытого собрания продлевается до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний.

Территория воздействия: Ақмолинская область. Координаты территории воздействия:

- 1) 52.94326 с.ш. 70.23845 в.д.
- 2) 52.94569 с.ш. 70.24223 в.д.
- 3) 52.9441 с.ш. 70.2457 в.д.
- 4) 52.94152 с.ш. 70.24241 в.д.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме.

Подключиться к конференции Zoom:

<https://us04web.zoom.us/j/9063978907?pwd=a1RVRlIUUZERTVBY0NJTFTUG4yQT09&omn=71867801755>.

Идентификатор конференции: 906 397 8907. Код доступа: 11111

Инициатор: ГУ «Министерство туризма и спорта Республики Казахстан». БИН 150540018634. Адрес: г. Астана, Есильский район, проспект Мәңгілік Ел дом 8.здание “Дом министерств”, подъезд № 15. тел 8 (7172) 74 04 29.

Составитель проекта: ИП «EcoDelo». Адрес: 010000, г. Астана, ул. Б. Майлина 19, 5 этаж, 502 каб. Контактные данные: тел: +77712764966, эл адрес: [m.abilgazina@ecodelo.kz](mailto:m.abilgazina@ecodelo.kz).

Документация по проекту для ознакомления размещена на сайтах <https://ndbecology.gov.kz/> и <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/contacts?lang=ru>.

Дополнительную информацию по материалам проекта можно получить по адресу и номеру: г. Астана, район Алматы, ул. Майлина, д.19. 502 каб. Тел +7 777 100 1345.

Местный исполнительный орган – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования по Ақмолинской области», адрес: РК, 020000, г. Кокшетау, ул.Абая, 89, сайт <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/contacts?lang=ru>, электронный адрес: [upr.expertiza@mail.ru](mailto:upr.expertiza@mail.ru), тел: +7 (7162) 25-19-86.

Замечания и предложения принимаются по электронному адресу местного исполнительного органа: [upr.expertiza@mail.ru](mailto:upr.expertiza@mail.ru) и на сайте <https://ndbecology.gov.kz/>.

## Объявление

ТОО «RG Gold» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по Материалам для получения экологического разрешения на возведение (Проект нормативов допустимых выбросов, Программа управления отходами, Программа производственного экологического контроля, План мероприятий по охране окружающей среды) для добычи золотосодержащих руд месторождения Шарык и Новоднепровское в Ақмолинской области ТОО «RG Gold».

Общественные слушания пройдут 08 июня 2026 года в 10:00 по адресу: Ақмолинская область, Бурабайский район, Успенюорьевский с.о., с.Успеню-Юрьевка, улица Мира, 4, Общеобразовательная школа села Успенюорьевка отдела образования по Бурабайскому району управления образования Ақмолинской области;

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

Для участия в общественных слушаниях онлайн посредством видеоконференции на платформе ZOOM необходимо пройти по ссылке:

<https://us06web.zoom.us/j/82129201556?pwd=9vazb0MMalO26e09r1RYKVwhRP8ZLn.1>

Идентификатор конференции: 821 2920 1556.

Код доступа: 206237

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «RG Gold», БИН 130740005369, Ақмолинская область, Бурабайский район, Щучинская г.а., г.Щучинск, улица Мухтара Ауэзова, дом № 80. Тел: 8 (71636) 2-13-19.

Территория воздействия:

- Ақмолинская область, Бурабайский район, Успенюорьевский с.о., с.Успеню-Юрьевка.

Географические координаты месторождения - 52°63'сев.ш. и 69°83'вост.д.

Разработчик проектной документации: ТОО «ECO AIR», БИН 050940002909, Восточно-Казахстанская область, г. Усть-Каменогорск, ул. Беспалова, 51а, тел: 8 777 411 37 28.

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Ақмолинской области».

Документация по проекту размещена в Национальном банке данных о состоянии окружающей среды и сохранении ресурсов – <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> в разделе «Публичные слушания», а также на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Ақмолинской области».

Контактные данные для получения дополнительной информации о намечаемой деятельности, проведения общественных слушаний, а также запроса копий документов, относящихся к намечаемой деятельности: эл адрес: [info@ecoair.kz](mailto:info@ecoair.kz), тел: 8 777 411 37 28.

Все замечания и предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

Замечания и предложения принимаются по электронным адресам: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru,upr.expertiza@mail.ru>.